

ЖЕЗҚАЗҒАН ӨҢІРІ ӨРКЕНДЕЙДІ

Жезқазған қаласы байырғы Сарыарқа жерінде орналасқан. Негізгі аумағы кең-байтақ, көз жетпес даланы құрайтын шексіз жазықтық пен алқаптардан тұрады. Сол себепті Сарыарқа ерте заманнан бері көптеген халықтар арасында «Ұлы дала» деген атқа ие болған. Ол туралы көп айтылып та, жазылып та жүр. Оны «алтын дала», «алтын ғаламшар» деп те атайды.

Қала да адам сияқты. Оның өз тарихы, өз мінезі, тек өзіне ғана тән ерекшелігі болады. Жезқазған – осындай қала. Шеті сонау көкжиекпен тұтасып, сары дала мен көк аспанның бояуы араласып барып, ғажайып түске иелене беретін алып кеңістіктің жиектерін жалғап жатқан жазықтықтың бір пұшпағын мекен еткен мысты шаһар Жезқазғанда өзгешеліктің болуы заңды.

Облыс әкімі Ерлан Қошановтың тапсырмасы бойынша, Жезқазған қаласын дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру негізінде, Жезқазған аймағын кешенді дамыту дамыту мақсатында ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы, Қарағанды облысының білім басқармасы, Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы Өмірхан Байқоңыров атындағы «Адами капитал елдің жаңашыл дамуының негізгі факторы ретінде» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізген болатын.

Академик Өмірхан Байқоңыров Қазақстан интеллигенциясының техникалық көшбасшысы бола отырып, Қазақстанның техникалық элитасының қалыптасуы мен дамуына, кәсіби өсуіне баға жетпес үлес қосты. Ол Қазақстанның ірі

өндірістерінің базасында институт филиалдары мен факультеттерін ұйымдастырудың бастаушысы болды.

Елбасы биылғы жолдауында еліміздің дамуын толық қамтитын негізгі он міндетті белгілеп, тұжырымдап берді. Осы міндеттердің ішіндегі жетінші міндет – «Адами капитал – жаңғыру негізі» деп аталады. Ол тікелей білім беру жүйесіне қатысты болып отыр. Бұл міндетті атқару жауапкершілігі негізінен білім беру саласының қызметкерлеріне жүктеледі.

Конференцияға келіп түскен 286 өтіністің ішінен Қазақстанның 7 аймағынан: Ақмола облысы, Маңғыстау облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Батыс Қазақстан облысы, Павлодар облысы және Астана, Алматы қаласы, Қарағанды облысынан 71 педагог қатысты.

Конференцияның алғашқы күні қатысушылар Жезқазған аймағының киелі орындары – Жезді кентіндегі М.Төрегелдин атындағы тау-кен балқыту ісі тарихы мұражайына және Алаша хан кесенесіне саяхат жасады.

Конференцияда 6 дискуссиялық алаң бойынша жұмыс жүргізілді. Әр дискуссиялық алаңның өз



бағыты болды. «Қазақстанның киелі жерлері», «Менің ұлы кіші отаным», «Жаһандық әлемдегі заманауи Қазақстан мәдениеті», «Болашақ энергиясы», «Ғылымды қалай табысты етуге болады?», Табиғат және біз» деп аталған секциялардың жұмысын қоғамдық сананы жаңғырту жолындағы үлкен баспалдақтың алғашқы сатысы деуге болады.

«Қазақстанның киелі жерлері» бағыты білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді көздейді. «Кие» сөзінің өзі біздің, қазақ халқының, салт-дәстүрлерінен, рухани болмысынан хабар беретінін ескерсек, қазақта киелілер жетерлік. Талай суықта тоңып, талай ыстықта күйе жүріп, еңсесін баспаған қазақтың өзі де – киелі халық. Дауға салса, қырандай қалқыған, жауға салса, қорғасындай балқыған ана тілі де киелі. Ұшықиыры жоқ, шетсіз-шексіз болып көрінетін, тұлпардың тұяғы тозып, сұңқардың қанаты талған қазақ даласы да киелі. Қазақтың жері талай тілге тиек болып, талай сүйірік сөзге арқау болған.

«Менің ұлы кіші отаным» осы киелі жерлердің бағытын жалғастырады. Себебі туған өлке махаббатынан Ұлы Отанға – туған еліне, Қазақстанға деген сүйіспеншілік басталады. «Бір әңгіме қозғашы ауыл жайлы, одан артық әңгіме табылмайды», – деп қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаев жырлағандай, ауыл жайлы сыр шерту – жанға ерекше күш беретін дүние. Ауыл әрбір қазаққа етене жақын. Енді осыдан салт-дәстүр жалғастығы мен қазақы мәдениет ошағы туындайды.

«Жаһандық әлемдегі заманауи Қазақстан мәдениеті» бағыты туралы сөз етейік. XXI ғасырда қазақ жастары озық технологияның қырсырын білуі тиіс. Демек, жаһандану – адами капиталымыздың сапасы жоғарылауының басты факторы. Оның ішінде, «мәдени жаһандану» дегеніміз – мәдени байланыстардың дамуы, жаһандық сияқты мәдени кеңістігімізді білдіретін, жаңа технологиялар мен әдістерді үйрену, шетелдік өнімді қабылдап, идеясына ие болуға деген құштарлық, әлемдік мәдениетке қатысу сынды жаңа сананың пайда болуы.

Ал жаһандық даму жайлы сөз қозғасақ, «Болашақтың энергиясы» бағытын айтпай кете алмаймыз. Себебі Жезқазған өңірі де түрлі түсті металға бай. Ал әлем елдерінің көпшілігі ресурстар мен материалдарға мұқият қарап, қарым-қатынас жасау үшін белсенді күресуде. Сондықтан біз де энергетикалық және тау-кен кешенінің рөлін, соның ішінде ядролық, экономикалық және инновациялық дамудағы альтернативті энергияны пайдаланудың рөлін түсінуіміз өте маңызды.

«Ғылымды қалай табысты етуге болады?» бағытының негізгі идеясы – ғылымды әлемдік инвестицияландыру. Мектеп бітірушілердің елден кетпеуі үшін бизнес пен ғылымның өзара байланысын нығайту жолдарын қарастыруымыз керек.

«Табиғат және біз» бағыты «ғылымды табысты етеміз, энергия үнемдейміз» деп қоршаған ортаның тазалығын, табиғат саулығын ұмытпауымыз керектігін еске салады. Мұны «жоғарыда аталған бағыттардың түйіні» деуге де болады. Бұл бағыт арқылы табиғи қауымдастықтарды сақтау, табиғи экожүйелерді сақтау бойынша ұсыныстар, адамдардың тірі табиғатқа деген қарым-қатынасын қалай өзгертуге болатыны анықталды.



Сонымен қатар конференцияға жергілікті атқарушы органдардың, педагогикалық қауымдастықтың өкілдері, педагог ардагерлері қатысты. Еңбек ардагерлері оқушылардың театр фойесіне қойылған еңбегін тамашалап, өз ақыл-кеңестерін берді. Көпті көрген, іс-тәжірибесі мол ардагерлерден бағыт-бағдар алу – әрбір оқушы үшін үлкен мақтаныш.

Оқушылар келген қонақтарға өз жұмыстарын үш тілде таныстырды. Өзін жарықтандырып, жылумен қамтамасыз ететін, дарынды балаларға арналған болашақ мектептердің жобасын әңгімеледі. Бұл мектептер болашақта үлкен қалаларда территорияны үнемдеу мақсатында орнатылтынын айтты.

Үш деңгейлі автотұрақ, оқушыларға арналған заманауи оқу-дамыту орталығы, күннен, желден, судан энергия алатын мектеп жобалары көпшіліктің көңілінен шықты. Сондай-ақ роботтехника үйірмесінде аз энергия жұмсау арқылы көп айналым алу принципіне сүйеніп жасалған диірмен, ұялы телефондағы Bluetooth арқылы қашықтықтан басқарылатын көлік пен кәдімгі кранға негізделген, өздігінен жүретін көліктерді көрсетті. Жезқазған аймағының киелі орындары бейнеленген карта, балаларға арналған электронды ойын-сауық

орталығы, «Жастар» атты музыкалық ойын-сауық кешендерінің жобасына да қызығушылық таныттық.

Қорыта келгенде, Ө. Байқоңыров атындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция мұғалімдерге адам әлеуетінің өсуіне бағытталған міндеттерді шешудегі өздерінің дербес ізденістерін көрсетуге мүмкіндік берді. Ал оқушылардың көрмеге қойылған жобаларына қарап, болашақтың жарқын да жарық, нұрлы болатынына, Жезқазған аймағының өрісі өркендейтініне сеніммен қарадық.

Б. ӘБДІКЕРОВА,
Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы директорының мектепке дейінгі және жалпы орта білім беруді дамыту жөніндегі орынбасары

АННОТАЦИЯ ○

Заместитель директора УМЦ РО Карагандинской области Б. Х. Абдикерова рассказывает о проведении Республиканской научно-практической конференции имени О. А. Байконурова «Человеческий капитал как основной фактор инновационного развития страны». Мероприятие было проведено в рамках реализации программы «Рухани жаңғыру» и Плана развития Жезказганского региона.